

**БЕКІТЕМІН**

Қарағанды облысы  
әкімінің орынбасары

Е. Әліқұлов  
«6» 12 2022 жыл



**«Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану  
музейінің реэкспозициясы»  
дизайнерлік жобаларды іріктеу бойынша  
ашық конкурстың  
ЕРЕЖЕСІ**

**ҚАРАҒАНДЫ 2022**

**«Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің реэкспозициясы»**  
дизайнерлік жобаларды іріктеу бойынша ашық конкурстың  
**ЕРЕЖЕСІ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.1.**Осы ереже «Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің реэкспозициясы» дизайннерлік жобаларды іріктеу бойынша ашық конкурстың мақсаттарын, міндеттері мен тәртібін айқындайды.

**1.2.**Конкурсты ұйымдастырушылар:

- Қарағанды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы;
- Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі (әрі қарай Музей).

**2. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**2.1.**Конкурстың мақсаты – музей экспозициясының стандарттарына сәйкес келетін музейлік IT технологияларды пайдалана отырып, музейдің экспозициялық залдары мен фойесінің ең заманауи көркемдік дизайнын анықтау.

**2.2.**Отандық дизайннерлердің қызметін қолдау және әділ бәсекелестік орта құру.

**2.3.**Жобалық ұсыныстарды тікелей іріктеуді конкурстық комиссия жүзеге асырады.

**2.4.**Конкурсқа ұсынылған жобалық ұсыныстар тарихи-мәдени құндылыққа ие болуы, сәулеттік-көркемдік стилі болуы, заманауи техникалық құрал-жабдықтар мен ақпараттық қамтамасыз етудің музейлік жүйесі қарастырылуы тиіс.

**3. КОНКУРСТЫҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТАЛАПТАРЫ**

**3.1.**Дизайнерлік жобаларды іріктеу бойынша конкурс еki кезенде өтеді:

- Өтінімдерді қабылдау Конкурс шарттары алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мақсатты түрде жүзеге асырылады);
- Конкурстық материалдар өтінім тапсырғаннан кейін60 (алпыс) жұмыс күні ішінде дайындалып тапсырылуы тиіс.

**3.2.**Өтінім бергеннен кейін конкурсқа қатысушылар жауапты тұлғалармен Музеймен танысу уақытын келіседі;

**3.3.**Белгіленген күні/күндері конкурсқа қатысушылар Музейдің аумағын өлшейді, фотосуретке түсіреді, нысанды зерттейді;

**3.4.**Конкурсқа қатысуға барлық мүдделі занды және жеке тұлғалар, соның ішінде жобалау ұжымдары, сәулет шеберханалары мен бюоролары, сондай-ақ музей қызметкерлері мен олардың жақын туыстарын қоспағанда сәулетшілер, суретшілер, дизайнерлер және уақытша шығармашылық ұжымдар шақырылады;

**3.5.** Конкурсты өткізу туралы хабарландыру үйымдастырушылардың әлеуметтік желілерінің ресми беттерінде, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ресми сайтында, Қарағанды қаласының ақпараттық порталдарында және республикалық және облыстық баспа БАҚ-та жарияланады;

**3.6.** Конкурстың материалдарды авторлар мына мекен-жай бойынша ұсынады: Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Ерубаев көшесі, 38, Қарағанды облыстық тарихи – өлкетану музейі, сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін;

**3.7.** Шарттары дұрыс орындалмай ұсынылған жобалар конкурсқа жіберілмейді.

**3.8.** Жұмысты кәсіби мамандардан құралған комиссия бағалайды. Конкурстың жұмыстарды іріктеу және конкурстың комиссияның отырысы 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеді. Конкурс комиссиясының шешімі түпкілікті болып табылады және талқылауға жатпайды;

**3.9.** Бекітілген дизайнға сәйкес, байқау жеңімпазы музейдің реэкспозициясын жүзеге асыру барысына авторлық қадағалауды жүзеге асырады (мердігердің қызметіне араласпай).

## **4. ДИЗАЙНДЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

### **4.1. дизайнды конкурстық іріктеу критерийлері:**

- Жоғары көркемдік деңгейі, эстетикалық мәнерлілігі, идеялық мазмұны, көркемдік тұтастығы мен өзіндік ерекшелігі;
- Қазақстан мен Қарағанды облысының тарихи хронологиясы мен кезеңділігінің сәйкестігі;
- Музей экспозициясының орналасуы мен құрылуды қазіргі қоғам талабына сай келеуі;
- Музей экспозициясының дизайнын жасауда жаңа технологияларды қолданудың заманауи талаптарына сай болу: мультимедиялық, голограмиялық, жарық және т. б.

## **5. ЖОБА ДИЗАЙНЫНЫҢ ЖҰМЫС ҚҰРАМЫ**

### **5.1. Визуализация және жұмыс сыйбалары мыналарды қамтиды:**

- Визуализация-графикалық редакторда нысанның 3d эскиздерін жасау;
- Музейдің жауапты өкілдерімен эскиздерді келісу және түзету.
- Өлшем жоспары;
- Экспозициялық жабдықты орналастыру жоспары;
- Жарықтарды қосудағы ажыратқыштарды байланыстыру жоспары;
- Электр желілерін орналастыру жоспары;
- Нысанның қабырғалары мен төбелерін, есіктерін (стендтер, сәндік элементтер) безендіру сыйбасы;
- Стендтер схемасы және қосымша безендіру элементтері;
- Нысанды әрлеу тізімдемесі.

**Жұмыс сызбаларының құрамына инженерлік жобалар кірмейді:**  
Жылыту, желдету, кондиционерлеу; сумен жабдықтау, кәріз;  
электромеханика, әлсіз ток желілері.

## **6. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫГАРУ**

Конкурс комиссиясының құрамына тарихшы, музей маманы, археолог, этнограф, суретші, дизайнер және IT маманы сынды мамандар кіреді. Конкурс комиссиясының жұмысын төраға басқарады, ол шешім қабылдайды және комиссияның жұмысына жауап береді. Хатшы конкурс комиссиясының шешімі бойынша хаттама жасайды. Конкурстық комиссия дизайн- жобаларын бағалайды, конкурстың қорыттындысы бойынша нәтижелерді жариялады. Дауыстар тен болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Даулар туындаған жағдайда Ұйымдастыруыш Комиссия жұмысына бір саладағы мамандарды тарту құқығын өзіне қалдырады.

## **7. БАЙҚАУДЫҢ ЖУЛДЕ ҚОРЫ**

Байқау жеңімпазы 10 000 000 (он миллион) теңге көлемінде ақшалай сыйлық алады (сома ҚҚС-сыз көрсетілген).

Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер арнайы құжаттар жинағын әкелуі керек:

- Қатысушының жекекүәлігінің көшірмесі;
- Кесте формасына сәйкес қатысуга толтырылған өтініш формасы (№ 1 Қосымша).

### **Мекенжай**

индекс 100000, Қарағанды қаласы, Ерубаев көшесі, 38,  
Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі.  
Электрондық пошта: [museumkz@mail.ru](mailto:museumkz@mail.ru)

### **Қосымша сұрақтар үшін байланыс телефондары:**

8 (7212) 56-58-89, 30-11-36

Ержан Нұрланұлы +7 702779 8212

Гүлдана Жанарбекқызы +7 702283 0334

**Әтінім**  
**«Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің**  
**реэкспозициясы»**  
дизайнерлік жобаларды іріктеу бойынша ашық конкурстың  
**ЕРЕЖЕСІ**

<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>Ақпарат</b>
1	АЖТ/ ұйымның атауы	
2	ЖСН/ БСН	
3	Оқу және жұмыс орны	
4	Мекенжай	
5	Байланыс телефоны	
6	20-сандық счет	
7	Банк атауы	

**БЕКІТЕМІН**

**«Карағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің реэкспозициясы»  
дизайнерлік жобаларды іріктеу бойынша конкурстық  
комиссияның құрамы**

1.	Әліқұлов Ербол Шымкентбайұлы	комиссия тәрағасы, Карағанды облысы әкімінің орынбасары
2.	Жұмакенов Еркебұлан Қайроллаұлы	комиссия тәрағасының орынбасары, Карағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы

**Мүшелері**

3.	Жұмабеков Жамбыл Азмұханұлы	тарих факультетінің деканы т.ғ.к., Е.А. Бекетов атындағы ҚарУ доценті.
4.	Қалмаханов Айдархан Сейтмаханович	Карағанды қаласы Суретшілер Одағының «шығармашылық одақ» қоғамдық бірлестігінің Басқарма тәрағасы (келісім бойынша)
5.	Қасенәлі Айбар Ерланұлы	ҚР Ұлттық музейінің Мәдени мұра FЗИ басшысы (келісім бойынша)
6.	Ниязов Сабыр Фархатұлы	IT-Hub «Терриконовая долина» директоры (келісім бойынша)
7.	Нұрмғанбетов Ержан Нұрланұлы	облыстық тарихи-өлкетану музейі басшысы
8.	Полетаев Дмитрий Владимирович	дизайнерлер Одағының мүшесі Карағанды қ., (келісім бойынша)
9.	Төлеуов Тұлкібай Сақтағанұлы	облыстық тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының басшысы
10.	Бейсенғалиева Гүлдана Жанарбекқызы	комиссия хатшысы, облыстық тарихи- өлкетану музейі басшысының ғылым жөніндегі орынбасары